



# Ембі ТЫНЫСЫ



№11 (128)  
ҚАЗАН  
2024 ЖЫЛ

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

## БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз

## ҚҰРМЕТТІ ҚАРЖЫ САЛАСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ!

Сіздерді, Ұлттық валюта – теңге күнімен және Қазақстан Республикасының қаржы жүйесі қызметкерлерінің кәсіби мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

1993 жылдың 13 қарашасында республикамыздың Ұлттық валютасы -теңгені айналымға енгізу жөнінде Жарлыққа қол қойылып, 15 қарашадан қазақ елінің төл теңгесі отандық экономиканың өркендеуіне белсенді қызмет етіп келеді.

Егемен елдің ажырамас айғағы ретінде ұлттық валютаның айналымға енуі – қоғам өміріндегі аса маңызды оқиға болды. Бұл Қазақстан Республикасының дамуың дара да даңғыл жолына түскендігін көрсетті. Ұлттық валютаның пайда болуы нарықтық қарым-қатынастың дамып, тиімді банк жүйесінің қалыптасуына тың серпін берді. Қысқа мерзімде елімізде негізін банк жүйесі құрайтын қаржы секторы қайта құрылды. Қазақстанның әлемдік экономикаға ойлағыдай кіруі, халықаралық мәндегі серпінді жобаларды жүзеге асыру, инфляцияны тежеу және қаржылық нарықтың тұрақтылығын сақтау, экономикалық өсімі ынталандыру қаржы саласына тікелей байланысты.

«Ембімұнайгаз» АҚ бойынша қаржыгерлер салықтық жауапкершілік пен бухгалтерлік есеп стандарттарының сақталуына бақылау жүргізу, қаржыны инвентаризациялаудың, тауарлы-материалдық құндылықтардың, негізгі қорлар мен есептердің белгіленген ережелерін сақтау, қаражатты басқару, кассалық операцияларға ұйымдастырушылық және әдістемелік жұмыстар жүргізу, Компанияның қаржы-шаруашылық қызметіне экономикалық таллау жүргізу жұмыстарын абыроймен атқарып келеді.

Осындай жетістікке жетуге тәжірибелі, өз ісіне шынайы берілген, жоғары білікті мамандар еңбек ететін Компаниямыздың қаржы саласы қызметкерлерінің де сіңірген зор еңбегін атап өткен жөн. Себебі, сіздердің тәжірибелеріңіз, кәсіптік біліктіліктеріңіз кәсіпорнымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлкен үлес қосуда. Алдағы уақытта да еңбектеріңіз жемісті болып, қаржылық қызметте тұрақтылық пен жаңа белестерге жетулеріңізге тілектеспіз!

Кәсіби мереке құтты болсын!

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ БАСШЫЛЫҒЫ



## МЕМЛЕКЕТТІК НАГРАДА

Республика күні қарсаңында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосқан бірқатар қоғам қайраткерлеріне, сонымен қатар, мұнай-газ саласының ардагерлері мен қызметкерлеріне мемлекеттік наградалар табыс етілді.

## Ұлық мерекедегі марапат



Елордада өткен жиында ҚР Премьер-Министрі Олжас Бектенов «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының бірінші орынбасары, «Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы Құрманғазы ЕСҚАЗИЕВТІ «Парасат» орденімен марапаттады.

Сондай-ақ, Махамбет атындағы академиялық қазақ драма театрында өткен салтанатты жиында Атырау облысының әкімі Серік Шәпкенов ембілік ардагер Нұрпейіс МАҚАШЕВТІ «Парасат» орденімен, мұнайшы ардагер Салырғали ӘДІЛОВТІ «Құрмет» орденімен, «Ембімұнайгаз» АҚ Аппарат жетекшісі Арман КЕНЖЕХОРҰЛЫН «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапаттады.

Ал, «АМАНАТ» партиясының Орталық аппаратында ұлттық мерекеге орай өткен салтанатты жиында Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Төрағасы, партияның төрағасы Ерлан Қошанов «Жылыоймұнайгаз» МГӨ басқармасы бастығының әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Сырымбек СӨРСЕМБАЕВҚА «Ерен еңбегі үшін» медалін табыс етті.





## ТАҒАЙЫНДАУЛАР



«Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының (Басқарма төрағасының) бұйрығына сәйкес 2024 жылғы 22 қазаннан бастап **Камматов Арман Қатапұлы** «Ембімұнайгаз» АҚ сатып алу департаментінің директоры лауазымына тағайындалды.



«Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының (Басқарма төрағасының) бұйрығына сәйкес 2024 жылғы 28 қазаннан бастап **Тайбоғаров Ержан Аркенұлы** «Ембімұнайгаз» АҚ күрделі құрылыс департаментінің директоры болып тағайындалды.

## ЕСЕПТІК КЕЗДЕСУ

## ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫС ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТЕЛЕЙДІ

«Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Ринат Измұханбеттің Компанияға қарасты өндірістік-құрылымдық бөлімшелері ұжымдарымен есептік кездесуі «Ембімұнайэнерго» және «Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау» басқармаларында жалғасты. Еңбек ұжымдарымен болған есептік кездесуде 2024 жылдың 8 айлық көрсеткіштерінің орындалуы тыңдалып, алдағы уақыттағы жоспарлар нақтыланды.

Бас директор өз сөзінде «Ембімұнайгаз» АҚ еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және өнеркәсіп қауіпсіздігі көрсеткіштеріне тоқталды. Ағымдағы жылдың 1-қаңтарына шаққанда алынатын мұнай қорының



қалдығы, соның ішінде өзекті мәселелер мен қолданылатын шаралар, инвестициялық жобаларды өндіру және іске асыру жоспары, 2024 жылы ҚМГ ИҚ-ға инвестициялық жобаларды шығару бойынша ақпарат берді. Сонымен қатар, кадрлар даярлау саласындағы негізгі жобалар мен бастамалар, салық төлемдерінің көлемі және өңірдің инфрақұрылымын дамытуға жұмсалған салықтар мен қызметкерлерді әлеуметтік қолдау жөнінде айтып өтті.

Сонымен қатар, өндірістік аймақтарда еңбекті қорғау, өнеркәсіп қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау заңдылықтарын қатаң сақталуын қамтамасыз ету Компанияның басты міндеттері болып саналатындығын жеткізді (Мәліметтер корпоративті газетіміздің өткен санында жарияланды – ред.).

Басқосу жиыны күн тәртібінің екінші бөлімі

ортақ асхана салу, ӨТҚЖЖК басқармашылық жолдарға жөндеу жұмыстарын жүргізу және т.б. мәселелерін көтерді. Компания басшысы бұл сұрақтар кезең-кезеңімен ережеге сәйкес шешілетінін жеткізді.

Мұнай-газ өндіру басқармаларында болған есептік кездесулерді қорытқан Ринат Измұханбет Компанияның алдында тұрған мұнай өндіру көрсеткішін оңтайлы шығынмен көбейту мәселесінің өзектілігін, сол арқылы жұмысшыларды әлеуметтік қолдау барысының да жүзеге асатынына тоқталды. Компания басшылығы біраз кен алаңдарының өнім берудің соңғы сатысында тұрғандығын, өнім өндіру өзіндік құнының жыл сайын өсіп келе жатқандығы, өндірістік, әлеуметтік нысандарды жұмыс жағдайында ұстау үшін, сондай-ақ, жаңа инвестициялық жобаларды тарту үшін пайдалану және күрделі шығындарды ұлғайту қажеттілігі туындап отырғанына да тоқталды.

Компания басшысы ұжым мүшелерін кезек күттірмейтін өзекті мәселелерді шешу жолында жұмыла еңбек етуге, алда тұрған мақсаттарға үлкен жауапкершілікпен қарауға, ол үшін ұйымшылдықпен еңбек етуге шақырды.

## АРДАГЕРЛЕР – АСЫЛ ҚАЗЫНА

Қазақ мұнайының 125 жылдығына орай ембілік бір топ ардагерлер марапаттарға ие болды. «Ембімұнайгаз» АҚ бас кеңсесінде өткен жиынға ЕМГ Бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары Абат Құтжанов пен геология және игеру жөніндегі орынбасары Асқар Мұнара, республикалық «Мұнай-газ кешені ардагерлері» қоғамдық бірлестігінің Атырау филиалы бойынша директоры, мұнайшы ардагер Максим Избасов қажырлы еңбектерімен мұнай-газ саласын өркендетуге үлес қосып, ғұмырын арнаған ардагерлерді құттықтап, марапатталды.

Атап айтсақ, М.Есенов пен Т.Қосанов ҚР Энергетика министрлігінің «Қазақстан мұнайына 125 жыл» мерекелік медалімен, С.Кульсимаков, Б.Тұралиев және Е.Зұлханов «Мұнай-газ кешенін дамытуға қосқан үлесі үшін» медалімен, М.Исаинова, Т.Көпкенов, Г.Шайкунова «Еңбек ардагері» медалімен марапатталды.

Сонымен қатар, 17 ембілік ардагерге KAZENERGY қауымдастығының 125 жылдыққа арналған медалі табыс етілді.

Жиын барысында ардагерлер атынан Мұстахима Исаинова сөз сөйлеп, көрсетілген құрметке алғысын білдіріп, мерекемен құттықтады.

## ҚҰРМЕТ ТӨРІНДЕ – АРДАГЕРЛЕР





СТРАТЕГИЧЕСКАЯ СЕССИЯ

Руководство, начальники всех НГДУ, УПТОи КО и Эмбаунайэнерго, а также ряд директоров департаментов АО «Эмбаунайгаз» приняли участие в Стратегической сессии, организованной Samruk Business Academy. Участники мероприятия в формате направленного диалога определили корпоративную стратегию в сфере формирования эффективной культуры безопасности труда.

Симбиоз управленческих навыков менеджмента и практического опыта линейных руководителей позволили максимально задействовать интеллектуальный ресурс Компании для создания общих контуров культуры безопасности труда и инструментов для ее реализации на практике.

Участники дали всестороннюю и объективную оценку текущему состоянию культуры безопасности труда в ЭМГ, определили ее сильные и слабые стороны,

обсудили видение будущего и его корреляцию с политикой АО НК «КМГ» в сфере БиОТ.

Мероприятие повысило уровень вовлеченности высшего руководства и руководителей среднего звена в культуру безопасности труда, создали площадку для лидерства и трансляции основанных на личном опыте выводов и мнений, позволили в коллаборации выработать реалистичную и применимую на всех участках работы стратегию в данном вопросе.

# ФОРМИРОВАНИЕ ЭФФЕКТИВНОЙ КУЛЬТУРЫ БЕЗОПАСНОСТИ ТРУДА



ЖОЛ КАРТАСЫ

Тәжірибе алмасу кәсіби өрісті кеңейтеді. Жуырда «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ 2024-2027 жылдарға арналған «Өндірістік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жағдайын жақсарту жөніндегі» жол картасын жүзеге асыру аясында ембілік сала мамандары Маңғыстау өңіріндегі ҚМГ еншілес мекемелері – «Маңғыстаумұнайгаз», «Қаражанбасмұнай» және «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамдарына барғанын жазған болатынбыз. Енді, міне, сол іскерлік байланысты одан әрі дамыту мақсатында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласының мамандары тәжірибе алмасу мақсатында Ембіге келді.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ мамандарын ЕМГ еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры Әнуарбек Каримов қарсы алып, Компанияның қолданыстағы өндірістік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы презентацияны таныстырды. Мамандар бір-бірімен ақпарат алмасып, қауіпсіздік және еңбекті қорғау, көлік қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау өрт қауіпсіздігі, азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар, жаңа технологиялар бойынша өзекті мәселелерді талқыға салды. Сонымен қатар, мамандар Өндірісті жедел басқару орталығында болып, «Интеллектуалды кен алаңы» жобасының жұмысы таныстырылды.

Бұдан әрі мамандар «Доссормұнайгаз» МГӨ басқармасының Шығыс Мақат кен орнындағы ілеспе газ қондырғысының, мұнайды дайындау және айдау цехының, өрт

сөндіру бөлімшесінің, «Медикер» ЖШС-нің жұмыстарымен танысты. Сапар «Қайнармұнайгаз» МГӨ басқармасында жалғасып, Кенбай, Солтүстік Қотырмас, Шығыс Молдабек кеніштеріндегі өндірістік нысандардың жұмыстары таныстырылды. Тәжірибе алмасу барысында жұмыс орындарының қауіпсіздігі мен өндірістік жарақаттанудың алдын алуға арналған тағы да басқа көптеген мәселелер талқыланды.

**Назгүл ЕШМАНОВА, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаменті қоршаған ортаны қорғау және парниктік газ қызметінің Қаламқас кен орны бойынша бөлімнің аға инженері:**

- Ембіге үш күндік сапарымыз барысында Компанияның кен орындарындағы қауіпсіздік, қоршаған ортаны қорғау, өрт қауіпсіздігі, төтенше жағдай кезіндегі қолданатын іс-шаралармен таныстық. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы Жа-

## ОЗЫҚ ТӘЖІРИБЕ – ӨЗГЕЛЕРГЕ ҮЛГІ



сыл белдеу жоспарының жүзеге асу бағыты бойынша тәжірибе алмастық. Ерекше назар аударғанымыз, Компанияда резенке қалдықтарын өңдеп, шикізат ретінде қайта пайдалану жұмысы жақсы жолға қойылған. Мекеме бұл шикізатты өз өндірістік кен орындарында жаяу жүргінші жолдарымен қамтамасыз ету, спорттық алаңдарға төсеу жұмыстарын қолға алып келеді.

Тәжірибе алмасу – кәсіби қажеттілік, шеберлікті шыңдайды, Ұлттық компанияға қарасты мұнай-газ саласындағы әріптестерімізбен ынтымақтастықты дамытады, нығайтады. Осындай жобаға жол ашқан мекеме басшыларына рахмет айтамын.





Маңғыстау облысында «ҚазМұнайГаз» компаниялар тобының жұмысшы мамандықтары арасында дәстүрлі сайыс «Үздік маман-2024» байқауы өз мәресіне жетті. «Ембімұнайгаз» АҚ атынан 15 номинация бойынша 20 жұмысшы қатысты.

Байқаудың жабылу салтанатында ҚМГ басшысы Асхат Хасенов жиналғандарды құттықтап, барлық қатысушылар жақсы нәтиже мен жоғары кәсіби шеберлік көрсеткендерін атап өтті.

«ҚазМұнайГаз және оған қарасты барлық кәсіпорындар – ел экономикасының дамуына үлес қосып отырған компаниялар. Өңірлерде азаматтардың әл-ауқатын көтеруге бағытталған ауқымды әлеуметтік жобалар белсенді іске асырылуда. Бұған сіздердің әрқайсыңыздың қосып жатқан үлестеріңіз зор. «Үздік маман-2024» байқауы біздің мамандардың білім деңгейі мен кәсібилігінің жоғары екендігін тағы да дәлелдей түсті», — деп атап өтті А.Хасенов.

Байқау екі кезеңнен тұрды: теориялық білімді тексеруге арналған тестілеу және практикалық тапсырмаларды орындау. Барлығы 17 номинация бойынша 300 адам қатысты. Биылғы шараға алғаш рет Румыниядан келген KMG International қызметкерлері қатысып, сайыстың маңыздылығын арттырды. Байқаудың ақтық кезеңіне қатысушылар – өз ұжымдары арасында іріктеуден өткен жеңімпаздар.

### «ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ БОЙЫНША БАЙҚАУДЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ:

#### ҮЗДІК ЦЕМЕНТТЕУ АГРЕГАТЫ - 320 МАШИНИСІ (МОТОРИСІ)

1-орын – Асқар Беркалиев, Нұрлыбек Жұмағалиев

#### ҮЗДІК ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ҚОНДЫРҒЫЛАР ОПЕРАТОРЫ

1-орын – Бердібек Әділов

#### ҰҒЫЛАРДЫ ЖЕРАСТЫ ЖӨНДЕУ БРИГАДАСЫ

1-орын – Арман Қасанов, Болат Тәттібаев, Абат Имашев, Манарбек Ахмеджанов

#### ҮЗДІК ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ СОРАПТАР МАШИНИСІ

1-орын – Асқар Қарымсақов

#### ҮЗДІК ТОКАРЬ

1-орын – Нұрсейіт Қоңырбаев

#### ҮЗДІК ЭЛЕКТР ЖАБДЫҚТАРЫН ЖӨНДЕУ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЭЛЕКТР ЖӨНДЕУШІСІ

2-орын – Азат Шынтөреев

#### ҮЗДІК ХИМИЯЛЫҚ ТАЛДАУ ЛАБОРАНТЫ (МҰНАЙ ӨНДІРУ)

2-орын – Әсия Ахметова

#### ҮЗДІК МҰНАЙ ЖӘНЕ ГАЗ ӨНДІРУ ОПЕРАТОРЫ

2-орын – Аманкелді Ерсайынов

#### ҮЗДІК ҚАБАТ ҚЫСЫМЫН ҰСТАУ ОПЕРАТОРЫ

2-орын – Руслан Абдрахманов

#### ҮЗДІК ТАУАР ОПЕРАТОРЫ

2-орын – Ғани Ергали, Сәндібек Абилов

#### ҮЗДІК ЖҮРГІЗУШІ

2-орын – Нурирахмет Ермеков



## «ҮЗДІК МАМАН-2024»:

ембіліктер 11 жүлделі орынды иеленді

Бердібек ӘДІЛОВ, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ технологиялық қондырғылар операторы, «Үздік технологиялық қондырғылар операторы» номинациясы бойынша жеңімпаз:

### МҰНАЙШЫЛЫҚ ЖОЛДАҒЫ ТӘЖІРИБЕМ ШЫҢДАЛА ТҮСТІ

Мен – жас маманмын. 2018 жылы «Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты «Жайықмұнайгаз» МГӨБ басқармасында ұңғымаларды жерасты жөндеу операторы болып еңбек жолымды бастадым. Ал, 2021 жылы мұнай дайындау және айдау цехына ауыстым. Араға бір жыл салып, алғаш рет «Үздік маман» байқауында бағымды сынап, II турда II орынды иелендім. Ал, өткен жылғы кәсіби шеберлік байқауындағы тәжірибемде Ембі бойынша жеңімпаз атанып, алайда, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ еншілес мекемелері арасындағы кезеңде жүлделі орын бұйырмады. Сол кезде «кәсіби шеберлік байқауының 3-кезеңінде қалай да Ембінің намысын сәтті қорғап, жеңіске

жетемін» деп алдыма нақты мақсат қойдым.

«Дұрыс жоспарланған мақсат жетістікке жетелейді» деуші ме еді! Бытырғы жіберген «кәсіпкерімді» болдырмау мақсатында тыңғылықты дайындалдым, білімімді шыңдадым. Өткен жылы 8 компания қатысса, биыл 10 еншілес мекеме өкілдері бақ сынасты.

Әдеттегідей, байқау 2 кезеңнен тұрды. Теориялық кезеңде 30 сұрақтың 29-ына дұрыс жауап беріп, ең жоғары 3 баллдың 2,9 ұпайын жинадым. Тәжірибелік кезеңде уақыт регламентінің, қауіпсіздік техникасының сақталуына баса мән беріп, жаңылмай тапсыруға барымды салдым.

Байқаудың жалпы мақсаты – бәсекеге



қабілеттілікті арттыру, сондай-ақ, жеңімпаздардың еңбек әдістері мен тәсілдерін зерделеу арқылы үздік мамандарды анықтау. Осы байқауға қатысу менің мұнайшылық жолдағы тәжірибемді шыңдай түсірді деуге толық негіз бар.

Асқар ҚАРЫМСАҚОВ, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ технологиялық сораптар машинисі, «Үздік технологиялық сораптар машинисі» номинациясы бойынша жеңімпаз:

### ҚАЗЫЛАРДЫҢ БАҒАСЫ ҚАНАТ БІТІРГЕНДЕЙ БОЛДЫ

кен орнына техникалық сораптар машинисі болып ауыстым.

2019 жылы Альметьевск қаласында өткен «Үздік маман» байқауында «Слесарь-жөндеуші» мамандығы бойынша Ембінің атынан қатысып, бірақ, ол кезде орын бұйырмады. Араға 5 салып, тағы да бағымды сынап көруді шештім. Бұл жолы «Технологиялық сораптар машинисі» мамандығы бойынша. Байқауға дайындыққа өте жақсы көңіл бөлінді. Тәлімгерім – механик Аманқос Сағынбаев үнемі жанымнан табылып, білмегенімді үйретіп, жол сілтеп отырды. Сөйтіп, Ембіде өткен турда топ жарып, 3-турға

жолдама алдым. Бұл турда еліміздің әр өңірінен 9 компания өкілдері қатысты. Әрқайсысы – компанияларынан суырылып шыққан өз ісінің шеберлері. Бірақ, менің кеудемді үлкен сенім мен үміт кернеп тұрды. Практикалық кезеңнен өткен соң бақылап отырған комиссия мүшелерінің «Жарайсың, жақсы дайындалыпсың» деген сөздері қанат бітіргендей болды. Жақсы нәтиже көрсеткенімді бірден сездім.

«Үздік маман» байқауы – жұмысшылардың жаңа қырын ашуға, біліктілігімізді арттыруға серпін береді. Басқа компаниялардағы әріптестермен танысып, тәжірибе алмасуға мүмкіндік алдым.





ЕСЕПТІК КЕЗДЕСУ

# КӘСІПОДАҚ ҰЙЫМЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ САЙЛАНДЫ

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның Бас кеңсесінде ЕМГ Кәсіподақ ұйымының есеп беру және қайта сайлау Конференциясы өтті. Оған Компанияға қарасты барлық басқарманың ұжымы атынан өкілдер қатысты.

Компанияның Кәсіподақ ұйымының есеп беру және қайта сайлау Конференциясы «Қазақстандық мұнай-газ салалық кәсіптік одағы» бекіткен кестеге сай ұйымдастырылды. Конференцияға қатысу үшін алдын-ала 107 делегат тіркеліп, оның 105-і әр басқармаларда өткен сайлаудың нәтижесімен, 2-уі Жарғы негізінде делегат болып тізімге енген. Делегаттар түгелге жуық Конференция жұмысына қатысты.

ЕМГ Кәсіподақ ұйымының есеп беру және қайта сайлау Конференциясының күн тәртібінде 7 мәселе қаралып,

тыңдалып, ұйымының төрағасы мен тексеру комиссиясының құрамы, комитеттің жаңа құрамы сайланды. Бұдан өзге Конференцияның күн тәртібінде «Қазақстандық мұнай-газ салалық кәсіподақ» Қоғамдық бірлестігінің Астана қаласында өтетін 3 съезіне делегаттар сайлау, ЕМГ Ұжымдық шартының жаңа нұсқасын дайындауға қатысты комиссия құрамын сайлау мәселесі де көптің назарына ұсынылды.



делегаттар алдында жан-жақты талқыланды. Нақтыласақ, ұйымның 2019-2024 жылдар аралығындағы атқарған жұмыстарының есебі, тексеру комиссиясының есебі

«Ембімұнайгаз» АҚ Кәсіподақ комитетінің төрағасы Болат Нсанбаев делегаттар алдында ұйымның 2019-2024 жылдар аралығында атқарған жұмыстарына есеп беріп, аталған

мерзім ішіндегі нәтижесін тапқан оң істер турасында баяндамасын жасады. Баяндамашыға қойылған сұрақтар мен айтылған ұсыныстардан соң ұйымның 2019-2024 жылдар аралығындағы атқарған жұмысына оң баға берілді.

Күн тәртібіндегі басты мәселенің бірі Кәсіподақ ұйымының төрағасын сайлау болды. Ұйымның төрағасы лауазымына 3 үміткер тіркелді. Олардың біреуі өз еркімен бас тартса, екі үміткер жиналғандар алдында өздерінің жаңа бағдарламасын ұсынды.

Кәсіподақ ұйымының жаңа төрағасын анықтау көпшіліктің ұйғарымымен ашық түрде дауыс беріліп, басым дауыспен Болат Нсанбаев ЕМГ Кәсіподақ ұйымының алдағы 5 жылдағы төрағасы болып қайта сайланды.

## 2022-2026 ЖЖ. АРНАЛҒАН ҰЖЫМДЫҚ ШАРТТЫ ДАЙЫНДАУ ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫСШЫ ТОПТЫҢ ТАЛҚЫЛАУЫ АРҚЫЛЫ КӘСІПОДАҚ ҰЙЫМЫМЕН ЖАҢА ҰЖЫМДЫҚ ШАРТҚА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗІЛДІ:

- ✓ Мектепке дейінгі және (немесе) мектеп жасындағы төрт және одан да көп балалары бар жұмыскерлерге (занды өкілдерінің біріне) жазбаша өтініші негізінде ұзақтығы кемінде күнтізбелік 2 күнге ақылы қосымша демалыс беру;
- ✓ Жаңа жұмыс іздеуі үшін жұмыскерге еңбек шартының бұзылатыны туралы хабарлама берілген күннен бастап еңбек шарты бұзылғанға дейінгі күнге дейін – ұзақтығы 3 (үш) жұмыс күніне бос уақыт беру;
- ✓ Ерекше жағдайларда сырқатының ауырлығына, қиындығы мен ұзақтығына байланысты, егер жұмыскер 9.5-тармақпен белгіленген күндерін толықтай пайдаланған болса, уақытша еңбекке жарамсыздық кезеңіне айына 70 АЕК көлемінде төлем жүргізу; Қызметкердің онкологиялық аурулары кезінде жалақы 3 айға дейінгі жалақыдан 100% төленеді.
- ✓ Жыл сайын Отан қорғаушылар күніне орай, ауған соғысына, тәжік-ауған шекарасындағы әскери операцияларға қатысқан және Чернобыль АЭС-нде болған апат салдарын жоюға қатысқан және әскери борышын 1949 бен 1990 жылдар аралығында Семей ядролық полигонында өткізген Жұмыскерлерге 50 еселенген АЕК көлемінде тиісті қаржы жылына белгіленген төлем жүргізу;
- ✓ Қоғам жұмыскерлері балаларының жазғы демалысын ұйымдастыруға қатысты жыл сайын 6-дан 14-ті қоса алған жастағы екі балаға 50 АЕК көлемінде, растаушы құжаттарыңыз материалдық көмек көрсетуге Ұжымдық шартқа қосымша келісім жасалды (бұрын 7 жастан - 14 жасқа дейін және 150 000 теңге болған);
- ✓ Жыл сайын мүгедектер күніне орай, мүгедек Жұмыскерлерге тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің елу еселенген мөлшерінде көмек береді (30 АЕК болды);
- ✓ Жұмысшылардың ауыр жұмыстарда, зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайларында еңбек ақысы 1-ші разрядтың тарифтік ставкасына байланысты 6%, 10%, 14%, 18%, 22% және 26% мөлшерінде белгіленеді, аймақтық коэффициентті есепке алмағанда, еңбек жағдайлары бойынша өндірістік нысандарды аттестациялау нәтижелеріне негізделген (бұрынғы мөлшерлемелер: 4%, 8%, 12%, 16%, 20% және 24%);
- ✓ Жұмыс беруші емдік көмек ұйғарылған Жұмыскерлерге Жұмыс берушінің актісі негізінде жыл сайынғы профилактикалық тексерудің қорытындылары бойынша сауықтыру іс-шаралары, санаторийде емделу және сауықтыру курсы үшін 270 000 (екі жүз жетпіс мың) теңге мөлшерінде өтемақы төлейді (бұрын бұл тармақ болмаған);
- ✓ Ай сайын бала (балалар) күтімі бойынша жалақысыз демалыста отырған Жұмыскерлерге ай сайын тиісті жылға белгіленген көлемнің 30 АЕК мөлшерінде әр балаға ол бала бір жарым жасқа толғанға дейін төлем төленеді (20 АЕК болды).

### «ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КӘСІПОДАҚ ҰЙЫМЫНЫҢ АТҚАРҒАН ЖҰМЫСТАРЫ:

- ✓ Кәсіподақ комитеті мен жұмыс берушінің бірнеше рет келіссөздері барысында «Қайнармұнайгаз» МГӨБ басқарма аппаратының қызметкерлерін вахталық жұмыс әдісіне ауыстыру туралы шешім қабылданды;
- ✓ Кәсіподақ комитетінің ұсынысы бойынша Қоғам жұмыскерлерінің балаларына жыл сайынғы жаңа жылдық сыйлық сатып алуға берілетін материалдық көмек екі есе өсті.

## ӨНІРДІ ҚОЛДАУ

# МИКРОАВТОБУС ЖӘНЕ КОНЦЕРТ: ЕМБІЛІК МҰНАЙШЫЛАРДЫҢ СЫЙЛЫҒЫ



«Ембімұнайгаз» АҚ Қызылқоға ауданының 80-жылдық мерейтойына орай ауданға микроавтобустың кілтін табыстап, Миялы селосының орталық стадионында қазақстандық танымал әншілердің қатысуымен өткен мерекелік концертте ембілік мұнайшылар да өз өнерлерін көрсетті.

Мерекелік шараға қатысқан «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының геология және игеру жөніндегі орынбасары Асқар Мұнара Қызылқоға ауданының әкіміне компания басшылығының құттықтауын жеткізіп, микроавтобустың кілтін табыс етті.

- «Ембімұнайгаз» АҚ әлеуметтік жауапкершілікті жоғары қоятын отандық компания екенін өздерінің ұзақ жылдан бері жалғасып келе жатқан қайырымды іс-шараларымен дәлелдеп келеді, - деп атап өтті өз сөзінде Асқар Мұнара. Соның ішінде, ЕМГ Қызылқоға ауданында көптеген әлеуметтік-мәдени нысандардың құрылысына қаржылай қолдау көрсеткен.

Жалпы, Атырау облысы бойынша Компания жер қойнауын пайдалану келісімшартына сай мұнайлы өңірдің инфрақұрылымын дамытуға 2019-2024 жылдар аралығында 3 млрд. астам қаражат аударды.



## МАМАН МІНБЕРІ



Бүгінгі нарықтық заманда әрқайсымыз қаржымызды дұрыс игере білуіміз керекпіз. Себебі, бұл - бәсекелестік заманы. Бәсекелестік орын алған жерде баға күнде құбылады. Демек, күнделікті өмірде жиі қолданатын тауарлар мен тұрмысқа қажетті заттардың құны жиі өзгереді. Нарық заманында әрбір адам қаржылық тұрғыда сауатты болуға тырысулары керек. Біз осы мақсатта «Ембімұнайгаз» АҚ бюджеттеу және талдау департаментінің директоры Нұрсауле Тәжмағамбетованы сөзге тарттық.

Ақшаны жинау, дұрыс жинау – ол дүниеқоңыздық емес. Бұл – нарық талабына икемделу. Қаржыны дұрыс жұмсауды бала кезден бойымызға дарыту арқылы болашаққа дұрыс инвестиция саламыз.

- Қаржы саласының маманы ретінде қаражатты қай валютада сақтаған дұрыс дер еліңіз?

## ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ - БОЛАШАҚҚА САЛҒАН ИНВЕСТИЦИЯ

- Нұрсауле Әжіғалиқызы, бүгінде қолдағы қаражаттың ұқсата білу үшін қаржылық сауатты болу – өмірдің талабы. Қаржылық сауатты болу дегенді аша түссек.

- Дұрыс айтасыз, қаржылық сауатты болу – бүгінде негізгі талаптардың бірі. Өзінің бюджетін жоспарлай білу, қолдағы қаражаттың көбейту жолдарын меңгеру маңызды. Себебі, баға жиі өзгереді. Ірі компаниялардан бастап, жекелеген миллионерлер мен миллиардерлер де қаржылық дағдарысқа ұшырап, қолдағы барынан айырылып қалып жататыны туралы оқып, естіп жүрміз.

Мұндай тығырыққа тірелмес үшін әрқайсымыз қаржылық сауатты болуға тырысуымыз керек. Қаржылық сауатты болудың алғашқы белгісі – заманауи төлем құралдарын жиі пайдалану, банк қызметтерін қашықтан пайдалану. Бүгінде қуана айтуға болады, төлем түрлерінің онлайн түрін пайдаланатын қазақстандықтардың қатары өсіп отыр. Қаржылық сауатты адамдардың екінші белгісі – олар алаяқтық әрекеттерге көп кездеспейді. Қолындағы қаражатына мұқият болады.

Үшінші белгісі – олар өздерінің кірісі мен шығысын үнемі қадағалап отырады. Қарапайым тілмен айтсам, қолындағы қаражаттың жұмысалуына есеп

жүргізіп отырады. Ұзақ мерзімге және қысқа мерзімге қаржысын жұмсаудың жоспарын құрады. Төртінші белгі – ол қолдағы бар ақшасын бірден бәрін жұмсамайды. Кем дегенде 10%-ын қалдырып сақтап отырады. Мұны резервтік қор дейміз. Өмірде болып қалатын әртүрлі келеңсіз жәйттардан сізді құтқаратын – осы резервтік қорларыңыз.

Бесінші белгі – қаржы нарығын үнемі қадағалап отырады.

Алтыншы белгі – мұны соңғысы дер едім, стратегиялық тұрғыда ойлап, қадам жасайтын адамдар – қаржылық сауаттылықты меңгергендер. Олар – өздерінің бірнеше жылғы болашағын көре білетіндер.

- Халық арасында «ақша –

қолдың кірі» деген ұғым бар. Яғни, ұзақ жылдар бойы ақша маңызды емес деген пікірді алға шығарып келген. Бұған не айтасыз?

- Қаржы саласында табысты болу үшін, алдымен, ақшаға деген көзқарасымызды, қарым-қатынасымызды өзгертуіміз керек. Иә, біздің аға буын «ақша-қолдың кірі» деген түсінікпен өмір сүрді. Бұл ұғым адамды тәуелді етеді. Бәріміз де қаржылық жақтан тәуелсіз болуға ұмтыламыз. Ал, қолдағы ақшамызға немқұрайлы қарасак, оны дұрыс жұмсау жолдарына да салғырт қараймыз. Ақша – киелі дер едім. Оған деген көзқарасыңызды өзгертпесек, оны жинақтау, қаржылай тәуелсіз болу жолдарын меңгере алмаймыз.

- Әрине, өз елінің патриоты ретінде теңгені әркез жоғары бағалаймын. Алайда, маман ретінде айтарым, қаражатты бір валютада сақтау қауіпті. Дұрысы - ақшаны әртүрлі валютада сақтаған. Егер жинағыңызды бір жылдың ішінде пайдаланамын десеңіз, теңгемен сақтаңыз. Ал, егер жинағымды ұзақ мерзімге сақтаймын деген жоспарыңыз болса, доллар немесе евромен сақтаған жөн.

- Кеңесіңізге рахмет!

- Бүгінгі сұхбатты пайдалана отырып, барша ембілік әріптестерімді Қаржыгерлер күнімен құттықтаймын. Дендеріңізге саулық, еңбектеріңізге табыс тілеймін!

## САЛАУАТТЫЛЫҚ

## МАРАТ – ТАҒЫ ДА ЖЕҢІС ТӨРІНДЕ

«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясының Ақтау қаласында өткізген қайырымдылық марафонында әріптесіміз Марат Оразғалиев жеңіске жетті.

«Munaily Marathon» шарасына еліміздің тоғыз өңірінен 1000-нан астам қатысушы жиналды. Олардың ішінде «Самұрық-Қазына», ҚазМұнайГаз және оның еншілес компанияларының қызметкерлері, кәсіби спортшылар мен Маңғыстау өңірінің тұрғындары бар.

Қатысушылар 5 және 10 км қашықтықты еңсерді. Қайырымдылық марафоны еліміздің тарихындағы маңызды меже — Қазақстан мұнайының 125 жылдығына арналған.

«Ембімұнайэнерго» басқармасының қызметкері Марат Оразғалиев 40+ жас-тан жоғары қатысушылар арасында 10 шақырымды алғашқы болып еңсеріп, межеге бірінші болып жетті.

КМГ басшысы Асхат Хасенов қайырымдылық марафонның барлық қатысушыларына алғысын білдіріп, «Munaily Marathon» спортты насихаттаумен бірге, қайырымдылық және қоғамдық жобаларды қолдау арқылы игі іске әрбір адамның өз үлесін қосуына мүмкіндік беретінін атап өтті.

Барлық жиналған қаражат Түпқараған және Қаракия аудандары мен Жаңаөзен қаласындағы үш тірек мектептің спорт залдарын қосымша жарақтандыруға жұмсалады. Бұл балалардың физикалық дамуына жағдай жасауға және жас ұрпақты салауатты өмір салтына тәрбиелеуге мүмкіндік береді.





# ТАБЫСТЫ АДАМ-ТАБЫСТЫ ОТБАСЫНДА ӨСЕДІ

«Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты «Мұнайшы қыз» клубының ұйымдастыруымен Ембі өндірісінің ірі кен алаңдарында «Саналы ата-ана-саналы ұрпақ» атты 4 күндік тренинг өтті. Ембіліктердің арасында отбасылық құндылық, саналы ұрпақ тәрбиелеу арқылы еліміздің келешегіне үлес қосуды мақсат еткен аталмыш шараға мұрындық болған Компания Бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары, «Мұнайшы қыз» клубының төрайымы Рысты Тасмағамбетова тренингтің мақсатына жан-жақты тоқталды.



«Бүгінгі виртуалды әлемде жоғалып кетпеу, жаһандану заманында ұлттық болмысымызды және рухани ерекшелігімізді сақтап қалу аса маңызға ие. Бүгінгі жастар алдында елімізді бәсекеге түсе алатындай белеске көтеру жауапкершілігі тұр. Бұл ең маңызды мәселелердің бірі. Оған көп болып үлес қосуымыз керек. Ұлттық идеологиямыздың бүгінгі заманның басты құндылықтарының бірі болуына жұмыла кіріскенде ғана нәтижесін көреміз».

Ұлттық тренинг орталығының басшысы, ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының оқытушысы, психолог Ерлан Мұстафин ембіліктер алдында әрбір адамның бұл өмірде атқаруы тиіс шараларға тұшымды деректермен мысал келтіре отырып, тренингтің мақсатын аша түсті. Спикер тренингте белсенділік танытқан ембіліктерге өзінің ала келген арнайы сыйлықтарын табыстады.

Тренингте айтылған мәселелерге шолу жасап, кез-келгеніміз ойымызға түйіп алатын маңызды деген пікірлерді топтастырып, осы жерде қалдыруды жөн санадық.

Саналы ұрпақты тәрбиелеу салмағы алдымен ата-анаға түседі. Бала- ата-анасының айнасы. Балаңыздың ертеңгі күні қандай азамат болып өсуі тек сізге байланысты.

Елімізде 30 минут кітап оқитындар қатары бар болғаны - 5%.

Кітап оқымайтын ата-анадан кітап оқымайтын ұрпақ өседі. Кітап- тәрбие құралы екенін ұмытпаңыз. Күніне 30 минут уақытын кітап оқуға арнайтын адам- табысты жан.

Баланың бойында ата-анасына деген сенім болу керек. Сенім жоқ жерде балаңызбен қарым-қатынасыңыз түзелмейді. Сенім бар жерде отбасындағы кез-келген проблеманы шешуге болады.

Отбасындағы зорлық-зомбылықтың зардабын алдымен бала тартады.

**Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың соңғы статистикасы:**

- 1- орында Түркістан облысы,
- 2- орында Шымкент қаласы,
- 3- орында Атырау облысы.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық орын алған жанұяда өскен ер баланың 70% өзі абьюзер болса, 70% қыз бала кейін өзі де зорлыққа душар болады. 2023 жылдың мәліметі бойынша, Қазақстанда 400-ден атам әйел зорлық-зомбылық салдарынан қайтыс болған.

Ерлі- зайыптылардың арасындағы жылы әңгіме таусылмау керек. Ортақ әңгіме таусылса, ерлі-зайыптылардың бірге тұруы қиындап кетеді. Ажырасқан отбасында өскен бала өзін бақытсыз сезінеді.

Балаңызды өзгенің баласымен салыстырмаңыз. Біздің қоғамда кең тараған қателік – «жұрттың баласы» деген пікір. Бұл-баланың бойында комплексті туындатады.

Бүгінгі заманның қасіреті - ойынқұмарлық. Ел бойынша жұмысқа жарамдылардың қатары-6 млн. Бейресми деректерге жүгінсек, елімізде 1 млн адам осы кеселге ұшыраған.





ТАЗА ҚАЗАҚСТАН

# ӨҢІРДІ КӨГАЛДАНДЫРУҒА БАТЫЛ ҚАДАМ



Атырау қаласының Балықшы ықшам ауданындағы Жайық жағалауы аумағындағы 2 гектар алаңдағы саябақта «Таза Қазақстан» акциясының аясында ағаш егу жұмыстары жүргізілді. Оған өңіріміздегі мұнай компаниялары қатысып, 1000-ға жуық көшет отырғызылды. Атырау қаласын көгалдандыру мақсатындағы аталмыш шараға «Ембімұнайгаз» АҚ-ның ұжымы да қатысты.

Соңғы 3 жылда Балықшы мөлтек ауданындағы 2 гектар алаңды алып жатқан бұл паркте ағаш отырғызу, соның ішінде жеміс ағашы көшеттерін отырғызу белсенді жүріп келеді. Атыраулық экобелсенді Арман Хайруллиннің айтарына назар аударсақ, осыдан біраз жыл бұрын Атырау қаласы әкімінің шешімімен берілген бұл саябақта алғашында 6 мыңға жуық көшет отырғызылған. Өңіріміздің құрғақшылық климатына және

биылғы су тасқынына қатысты біраз көшеттер қурап, өліп қалған. Енді сол ағаштардың орнын жаңа көшеттермен алмастыру жоспарда.

Атырау облысының ауыр экологиялық жағдайын жақсы білетін ембілік мұнайшылар соңғы жылдарда көгалдандыру шараларына белсенді үлес қосып келеді. 2022-2024 жылдар аралығында компанияның өз күшімен 39 мыңға жуық көшет отырғызылды.



ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК

«Ембімұнайгаз» АҚ «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясына қатысты.



## МҰНАЙШЫЛАР ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯҒА ЖҰМЫЛУДА



Орталық басқару аппараты және «Доссормұнайгаз», «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармалары ұжымының күшімен 200-дей көшет отырғызылды. Мәселен, Доссор ауылында мұнайшылар елдімекеннің кіре беріс бөлігін көгалдандырса, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ қызметкерлері «Каспий самалы» вахталық қалашығымен мұнайшылар саябағының аумағына ағаш отырғызды. Ал, орталық басқару аппаратының қызметкерлері «Азала ана» мемориалды ескерткішінің жанындағы саябаққа көшеттер екті.



«Ембімұнайгаз» АҚ-ның әлеуметтік желілердегі парақшаларына тіркеліңіздер!

- Telegram - «Ембімұнайгаз» АҚ
- Facebook - Ембілік Мұнайшы
- Instagram - @embamunaigas.kz
- You tube - «Ембімұнайгаз» АҚ
- TikTok - @embamunaigas



«Ембі тынысы» газетін осы QR код арқылы да оқи аласыздар.

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы:  
Қоғаммен байланыс тобы

Бас редактор: А.Ертлеуова

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2024 жылғы 18 қаңтарда № KZ69VPY00085699 куәлігі берілді.

Газет айына 1 рет шығады.  
Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.  
G.Karajanova@emg.kmgerp.kz

И.Сатылғанова – 8 (7122) 99-34-66, 21-166  
I.Satylganova@emg.kmgerp.kz

А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309  
A.Ertleuova@emg.kmgerp.kz

Баспахана: «Реформа» ЖШС  
Мекен-жайы: Алматы қаласы

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Р.Тасмағамбетова – Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

Қ.Әбенов – Бас директордың кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары;

А.Кенжехорұлы – Аппарат жетекшісі;

Ә.Каримов – Еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры;

К.Түлеушов – Мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

Ғ.Қаражанова – Қоғаммен байланыс тобының жетекшісі;

Ж.Дәуітов – «Жас мамандар» кеңесінің төрағасы.